«Казцинк» ЖШС ШҚ КБК Риддер қ. ӨА Тишин кенішінің жер қойнауын пайдалану салдарларын жою жобасының қоршаған ортаға ықтимал әсер етуі туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанындағы қоғамдық тыңдаулар хаттамасының баяндамасы (Риддер қ., 22.12.2025 ж.)

0-слайд. Мұқаба бет.

Қайырлы күн, құрметті қоғамдық тыңдауға қатысушылар!

Бүгін сіздердің назарларыңызға «Казцинк» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (ЖШС) Риддер қ. ӨА Тишин кенішінің жер қойнауын пайдалану салдарларын жою жобасы бойынша ашық жиналыс нысанындағы қоғамдық тыңдаулар материалдары ұсынылады.

1-слайд. Қоғамдық тыңдаулардың мақсаты мен мәні

Тыңдаулардың мақсаты - Тишин кенішінің жер қойнауын пайдалану салдарын жою жобасын және ықтимал салдарлар туралы есепті қарастыру.

Риддер қаласындағы "Казцинк" ЖШС Тишин кенорны. Тишин кеніші "Казцинк" ЖШС ШҚ КБК Риддер қаласының өнеркәсіптік алаңшасының (ӨА) құрамына кіреді.

Тишин кеніші Шығыс Қазақстан облысындағы Тишин полиметалл кенорнын қазуға арналған 1997 жылғы 21 мамырдағы № 92 жер қойнауын пайдалану келісімшартына сәйкес Тишин кенорнының полиметалл кендерінің қорларын қазымдайды.

Келісімшарттың қолданылу мерзімі 31.12.2027 жылға дейін. Жер қойнауын пайдалану салдарын жою жобаларын әзірлеудің заңнамалық талаптары "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 27.12.2017 № 125-VI ҚР Кодексінде айқындалған, ЖҚК 218-бабы. Жоба лицензия мерзімі аяқталардан кемінде екі жыл бұрын әзірленуге тиіс.

2-слайд. Қоғамдық тыңдау материалдарының құрамы

Тишин кенішінің жер қойнауын пайдалану салдарын жою жобасына мемлекеттік экологиялық сараптама (МЭС) жүргізу үшін Экологиялық Кодекстің 87-бабына сәйкес мынадай материалдар ұсынылған:

«Казцинк» ЖШС ШҚ КБК Риддер қ. ӨА Тишин кенішінің жер қойнауын пайдалану салдарларын жою» жобалық құжаттамасы;

Казцинк" ЖШС ШҚ КБК Риддер қ. ӨА Тишин кенішінің жер қойнауын пайдалану салдарларын жою " жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп.

Қоршаған ортаға әсерді бағалау деп 02.01.2021 ж. № 400-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің 67-бабында көзделген кезеңдерді қамтитын, көзделіп отырған қызметті іске асыру кезінде қоршаған ортаға ықтимал елеулі әсерлерді анықтау, зерделеу, сипаттау және тиісті зерттеу негізінде бағалау үдерісі түсініледі.

Ықтимал әсерлер туралы есеп Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті 30.10.2025 ж. берген № KZ04VWF00451136 (1-қосымша) қоршаған ортаға әсерді бағалаудың қамту аясын айқындау және (немесе) көзделіп отырған қызметтің әсерлеріне скрининг туралы қорытындыға, сондай-ақ ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 26.10.2021 ж. № 424 бұйрығына 1-қосымшаға және ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 30.07.2021 ж. № 280 бұйрығына 2-қосымшаға сәйкес жасалды.

3-слайд. Тишин кенішінің орналасуы

Тишин кенорны ШҚО Глубокое ауданының аумағында, Риддер қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 18 км жерде орналасқан. Облыс орталығы Өскемен қаласы кенорнынан оңтүстік-батысқа қарай 110 км жерде орналасқан.

Тишин кенішіне ең жақын қалалық тұрғын аймақ - Үлбі кенті, ол шығысқа қарай 325 м және

батысқа қарай 800 м қашықтықта.

Тишин кеніші Шығыс Қазақстан облысының Үлбі кентінің жанында орналасқан және географиялық координаттары 50 градус солтүстік ендік және 83 градус шығыс бойлық.

Тишин кенішінің объектілеріне жақын орналасқан жерүсті су ағындарына Үлбі өзені мен Позднопаловка өзені (Үлбі өзенінің оң саласы) жатады. Үлбі өзені Тишин кенішінің негізгі өндірістік алаңшасының шығыс жағынан ағып жатыр

4-слайд. Тишин кеніші – жер қойнауын пайдалану объектісі

Тишин кенорны 1958 жылы карталық бұрғылау барысында іздестіру жұмыстары сатысында ашылды.

Кенорнын өнеркәсіптік игеруді Тишин кеніші «Қазгипроцветмет» институтының жобалары бойынша бастады: 1965 жылдан бастап - ашық тәсіл (карьер 1976 жылы жобалық шекараға жеткеннен кейін толық жабылды), ал 1968 жылдан бері жерасты қазындылары қолданылады. Кенорны мыналарда аршылды:

- «Тишинская» шахтасының оқпаны,
- «Вентиляционная» шахтасы оқпаны,
- «Западная-Вентиляционная» шахтасы оқпаны,
- «Ульбинская» шахтасы оқпаны,
- «Слепая - Ульбинская» бітеу оқпаны,
- Көлбеу еңіс,
- №2 көлбеу еңіс (батыс),
- «РЭШ» шахтасы оқпаны.

5-слайд. Тишин кенішінің жойылатын объектілері

Жер қойнауын пайдалану объектілерін жою жер қойнауын пайдалану объектісінің, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану әсер еткен аумақтардың қолайлы қоршаған ортамен үйлесімді, мүмкіндігінше толыққанды экожүйе қалпын қайтару мақсатын көздейді.

Полиметалл кендерінің Тишин кенорнында мына объектілер бойынша жою жүргізіледі:

- жерасты кен қазындылары;
- қазылған карьер;
- шлам жинауыштар (әрі қарай қолданудың балама нұсқалары болмаса);
- ғимараттар, құрылысжайлар және жабдықтар;
- жер қойнауын пайдалану объектісінің инфрақұрылымы, көлік жолдары.

Тишин кенорнының жойылатын объектілері «Казцинк» ЖШС кен телімі шекарасында орналасқан.

6-слайд. Жоюдың негізгі кезеңдері

Объектілер 2 кезеңде жойылады:

1. I кезеңде ұсақтау және байыту цехының (бұдан әрі ҰБЦ) және №1 және №2 шламжинауыштардың ғимараттарын демонтаждау жұмыстары қарастырылған. Ұсақтау және байыту цехы (ҰБЦ) – «Казцинк» ЖШС ШҚ КБК Риддер қ. ӨА байыту өндірісінің учаскесі. Қазіргі уақытта объект консервацияланған және I-кезеңде демонтаждатын объектілер тізіміне енгізілген. № 1, № 2 шламжинауыштар кеніштің өнеркәсіптік алаңының батыс бөлігінде № 2 аршылған жыныстар үйіндісінде орналасқан және Тишин кенінен жуылған шламдары мен ҰБЦ флотациясы қалдықтарын қоймалауға арналған.

2. II кезеңде жерасты кен қазындыларын, карьерді жою және Тишин кенішінің өнеркәсіптік алаңшасының негізгі және қосалқы жерүсті ғимараттарын, алаңшілік көлік жолдарын демонтаждау қарастырылған.

7-слайд. Кен қазындыларын жою

Кеніштің жерасты бөлігі кен қазындыларына табиғи су ағынымен жерасты суын толтыру

арқылы жойылатын болып қабылданды. Гидрогеология, кен қазындыларына су толтыру есептеулерін «Казцинк» ЖШС арнайы қызметтері нақты кен жұмыстарын ескеріп, жағдайды гидрогеологиялық модельдеу жолымен орындады.

Тишин кенішінің жерасты кен қазындылары мен карьерін толық су басатын жалпы уақыт барлық сорғымен су төгу тоқтатылған жағдайда 897 тәулік (шамамен 29,9 ай немесе 2,5 жыл).

Карьер жұмыс істеп тұрған кен қазындыларына іргелес орналасқан, карьерлік су ағыны жерасты деңгейжиектеріне кеніш су ағынын қалыптастыруға қатысады. Түгелдей сумен жойғанда карьерді су басуы ықтимал. Карьердің қазылған кеңістігіне жиналған жерасты суынан табиғи карьерлік суқойма пайда болады.

Жобада ашық карьерге су келудің жолдарын бұғаттайтын құрылыстар, карьердің периметрі бойымен қоршайтын жал жасау қарастырылған.

8-слайд. Ықтимал опырылуды жою

Жерасты қазындылары үстіндегі кен жыныстарының құлауы салдарынан жер бетінің ықтимал опырылуы болатын жерлер, яғни карьердің құлау аймағы мен қауіпті жылжу аймағы ҚР ДС министрінің міндетін атқарушының 25.12.2020 ж. № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығымен бекітілген «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына, экологиялық заңнаманың талаптары мен бұрын келісілген жобаларға сәйкес карьерлерді және басқа да қолдан жасалған қуыстарды толтырмалайтын қалдықтар қолданылып қалпына келтіріледі.

9-слайд. Осы жоба бойынша жойылмайтын объектілер

Тарату жоспарында қарастырылмаған объектілер де тарату жобасында қарастырылмайды:

– Тарихи үйінділер. Үйінділер мемлекеттік, өйткені олар кенорнын игерудің бастапқы кезеңінде қалыптасқан. Тишин кенорнының орталық бөлігінде жер бетінде аршылған жыныстардың үйінділері (№ 1, 3-7) және кеніштің өнеркәсіптік алаңшасының оңтүстігінде өткен ғасырда карьерді аршудың бастапқы кезеңінде жасалған № 2 жыныс үйіндісі бар. Аршылған жыныс үйінділерінің бетіне өсімдіктер өздігінен табиғи өскен, олар бұзылған жерлерде өсімдік жамылғысының қалыптасуында жетекші орын алады. Үйінділердің бетінде кейбір тұстарында түрлі шөптің жақсы өнгені байқалады.

– Пайдаланылуы Риддер қаласының 2 және 4-тұрғын аудандарының тіршілігін қамтамасыз етумен байланысты объектілер.

10-слайд. Атмосфералық ауа

Тишин кенішінде атмосфераға ластауыш заттек шығарындыларының 30 көзі бар, оның 19-ы ұйымдастырылған, 11-і ұйымдастырылмаған. Тишин кенішінің қызметі нәтижесінде қазіргі жағдайға атмосфералық ауаға ластау көздерінен жылына 58,79 тонна (6,61 г/с) мөлшерінде заттектің 23 түрі шығарылады, олардың шамамен 80 % (жылына 47 т) бейорганикалық шаң.

Жер қойнауын пайдалану объектілерін жою кеніш алаңындағы қазіргі шығарынды көздерін жоюды қамтамасыз етеді, бұл – жою басталған сәтте қолданыстағы Экологиялық рұқсатта белгіленген Тишин кенішінің алаңы бойынша шығарындылардың қолданыстағы деңгейіне эмиссиялардың шамамен жылына 58,79 тонна (100%) азаюын қамтамасыз етеді.

Жоба бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде атмосфералық ауаға қысқа мерзімді әсер ету болады.

I кезеңдегі жою жұмыстарын жүргізу кезінде атмосфераға жылына 3,232192 т мөлшерінде (қатты – жылына 2,044594 т, газтәріздес және сұйық – жылына 1,187597 т) 11 ингредиент шығарылатын болады.

II кезеңдегі жою жұмыстарын жүргізу кезінде атмосфераға жылына 11,401247 т (қатты – жылына 10,206988 т, газтәріздес және сұйық – жылына 1,194259 т) мөлшерінде 11 ингредиент шығарылатын болады.

11-слайд. Су бассейніне әсер ету

Тишин кенішінің сарқынды сулары 25.09.2024 ж. бастап 31.12.2033 ж. дейінгі № KZ11VCZ03573285 экологиялық рұқсаттың және 06.10.2022 ж. сериясы: 238/22 Ертіс № KZ20VTE00131849 су төгуге арнайы су пайдалану рұқсаты негізінде шахта суларын, № 2 мемлекеттік үйіндісінің дренаждық суын және алаңшаның өнеркәсіптік және нөсер суларын тазартатын тазарту құрылысжайларында тазартылған соң Үлбі өзеніне № 10 біріктірілген шығарғысы арқылы бұрылады.

Жою жұмыстарын орындау кезеңінде негізгі су төгу толық тоқтатылғанша жою сәтіндегі қолданыстағы эмиссияға рұқсат аясында шахталық, дренаждық, өнеркәсіптік және нөсер суларын әдеттегі режимде тазалау қажет.

Жұмыс жүргізу кезеңінде алаңшадан ластанған сарқынды мен нөсер сулары ақпас үшін тазарту құрылысжайларының (бейтараптандыру стансалары) бос қуатын қолдану ұсынылады.

12-слайд. Өндіріс қалдықтары

Жою жұмыстарын жүргізу кезінде мынадай өндіріс қалдықтары пайда болуы болжанады: құрылыс қалдықтары (бетон, сынған кірпіш, сылақ, ағаш, шыны сынықтары және т. б.) және тұтыну қалдықтары: кара металл қалдықтары мен сынықтары (бумадағы сұрыпты металл, құбырлар мен металл конструкциялар, пісіру электродтарының өртендісі мен тұқылдары), аралас коммуналдық қалдықтар (ТҚК), оның ішінде ластанбаған қаптама материалы (электродтардан босаған қаптама)

Мыналар қарастырылады:

– алаңшаға тән қалдықтарды ұйымдастырып жинау, мамандандырылған ұйымдарға кәдеге жаратуға тапсыру;

– құрылыс қалдықтарын барлық жасанды қуысты, соның ішінде карьерді және опырылу аймақтарын толтырмалау мен тегістеуге қолдану болданады;

– габариті үлкен құрылыс конструкциялары тік оқпандарды жабуға (жабын тақтайшалар, іргетастар және т.б.) қолданылады.

13-слайд. Бұзылған жерлерді қалпына келтіру

Жою жұмыстарын орындағаннан кейін бұзылған жерлерді қалпына келтіру іс-шаралары екі кезеңмен жүргізіледі

– бірінші жерді қайта қалпына келтірудің техникалық кезеңі,

– екіншісі – жерді қалпына келтірудің биологиялық кезеңі.

Жою жұмыстары жобасында:

– демонтаждаудан кейін алаңша бетінің табиғи рельефін ылди жағына қарай бір жаққа көлбеу бұрыш жасап жайғастыру (жайғастыру жұмыстарынан қалған артық топырақ карьерге әкетіледі);

– жергілікті өсімдіктер өздігінен өсу үшін жайғастырылған жерге қалыңдығы 0,2 м өсімдікті топырақ себу.

14-слайд. Өсімдіктер мен жануарлар әлеміне әсер ету

Көп жылғы өндірістік қызмет нәтижесінде Тишин кенішінің өндірістік алаңшасы шегінен жануарлар мен өсімдіктер әлемі ығыстырылған, өте аз.

Жою жер қойнауын пайдалану объектілерін қайтару, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану әсер еткен аумақтардың қолайлы қоршаған ортамен үйлесімді, мүмкіндігінше толыққанды экожүйе қалпын қайтару мақсатын көздейді.

Учаске қалпына келтірілген соң жабайы жануарлардың қоныс аударуының маусымдық жолдары қалпына келеді деп болжануда, өйткені іргелес аумақтарда "Лениногорское" аңшылық шаруашылығы учаскесі орналасқан, ондағы жабайы жануарлардың түрлік құрамында қоян, түлкі, қарақұйрық, елік, бұлан, марал, аю бар.

15-слайд. Әлеуметтік жауапкершілік


Осы жоба аясында көзделіп отырған қызметті іске асырудың өзге нұсқасы болмағандықтан, жер қойнауын пайдалану объектілерін жоюдан толық бас тарту ғана балама нұсқа болады. Алайда толық бас тарту аймақтың экологиялық жағдайына теріс әсер етеді, өйткені қолданылып, қайта қалпына келтірілмеген кенорны қоршаған ортаның барлық компонентін бақылаусыз ластау қаупін төндіреді.

Жобада жер қойнауын пайдалану объектісін жою жұмыстарын жүргізудің мердігерлік тәсілі көзделген. Сондықтан жою жұмыстары кезеңінде жұмыс орындары ұйымдастырылатын болады.

Тишин кенішінің персоналы «Казцинк» ЖШС-ның жұмыс істеп тұрған объектілеріне ауыстырылады.

Назарларыңызға рахмет!

«Казцинк» ЖШС ШҚ КБК Риддер қ. ӨА Тишин кенішінің жер қойнауын пайдалану салдарларын жою жобасының қоршаған ортаға ықтимал әсер етуі туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанындағы қоғамдық тыңдаулар (Риддер қ., 22.12.2025 ж.)



«Казцинк» ЖШС ШҚ КБК Риддер қ. ӨА Тишин кенішінің жер қойнауын пайдалану салдарларын жою жобасы

Қоғамдық тыңдаулардың мақсаты мен мәні

Тыңдаулардың мақсаты - Тишин кенішінің жер қойнауын пайдалану салдарын жою жобасын және ықтимал салдарлар туралы есепті қарастыру.

Риддер қаласындағы "Казцинк" ЖШС Тишин кенорны. Тишин кеніші "Казцинк" ЖШС ШҚ КБК Риддер қаласының өнеркәсіптік алаңшасының (ӨА) құрамына кіреді.

Тишин кеніші Шығыс Қазақстан облысындағы Тишин полиметалл кенорнын қазуға арналған 1997 жылғы 21 мамырдағы № 92 жер қойнауын пайдалану келісімшартына сәйкес Тишин кенорнының полиметалл кендерінің қорларын қазымдайды.

Келісімшарттың қолданылу мерзімі 31.12.2027 жылға дейін. Жер қойнауын пайдалану салдарын жою жобаларын әзірлеудің заңнамалық талаптары "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 27.12.2017 № 125-VI ҚР Кодексінде айқындалған, ЖҚК 218-бабы. Жоба лицензия мерзімі аяқталардан кемінде екі жыл бұрын әзірленуге тиіс.



Қоғамдық тыңдау материалдарының құрамы

Тишин кенішінің жер қойнауын пайдалану салдарын жою жобасына мемлекеттік экологиялық сараптама (МЭС) жүргізу үшін Экологиялық кодекстің 67-бабына сәйкес мынадай материалдар ұсынылған

- "Казцинк" ЖШС ШҚ КБК Риддер қ. ӨА Тишин кенішінің жер қойнауын пайдалану салдарларын жою» жобалық құжаттамасы
- Казцинк ЖШС ШҚ КБК Риддер қ. ӨА Тишин кенішінің жер қойнауын пайдалану салдарларын жою" жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп

Қоршаған ортаға әсерді бағалау деп 02.01.2021 ж. № 400-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің 67-бабында көзделген кезеңдерді қамтитын, көзделіп отырған қызметтііске асыру кезінде қоршаған ортаға ықтимал елеулі әсерлердің ықпалын азайтуға және тиісті зерттеу негізінде бағалау дерісін түсініледі

Ықтимал әсерлер туралы есеп Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық қорғау және бақылау комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті 30.10.2025 ж. берген № KZ04VWF00451136 (1-қосымша) қоршаған ортаға әсерді бағалаудың қамту аясын айқындау және (немесе) көзделіп отырған қызметтің әсерлеріне скрининг туралы қорытындыға, сондай-ақ ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 26.10.2021 ж. № 424 бұйрығына 1-қосымшаға және ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 07.07.2021 ж. № 280 бұйрығына 2-қосымшаға сәйкес жасалды


Тишин кенішінің орналасуы

Тишин кенорны ШҚО Глубокое ауданының аумағында, Риддер қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 18 км жерде орналасқан. Облыс орталығы Өскемен қаласы кенорнынан оңтүстік-батысқа қарай 110 км жерде орналасқан.

Тишин кенішіне ең жақын қалалық тұрғын аймақ - Үлбі кенті, ол шығысқа қарай 325 м және батысқа қарай 800 м қашықтықта.

Тишин кеніші Шығыс Қазақстан облысының Үлбі кентінің жанында орналасқан және географиялық координаттары 50 градус солтүстік ендік және 83 градус шығыс бойлық.

Тишин кенішінің объектілеріне жақын орналасқан жерүсті су ағындарына Үлбі өзені мен Позднопаловка өзені (Үлбі өзенінің оң саласы) жатады. Үлбі өзені Тишин кенішінің негізгі өндірістік алаңшасының шығыс жағынан ағып жатыр.




Тишин кеніші– жер қойнауын пайдалану объектісі

Тишин кенорны 1958 жылы карталық бұрғылау барысында іздестіру жұмыстары сатысында ашылды.

Кенорнын өнеркәсіптік игеруді Тишин кеніші «Қазгипроцветмет» институтының жобалары бойынша бастады: 1965 жылдан бастап - ашық тәсіл (карьер 1976 жылы жобалық шекараға жеткеннен кейін толық жабылды), ал 1968 жылдан бері жерасты қазындылары қолданылады. Кенорны мыналарда аршылды:

- «Тишинская» шахтасының оқпаны,
- «Вентиляционная» шахтасы оқпаны,
- «Западная-Вентиляционная» шахтасы оқпаны,
- «Ульбинская» шахтасы оқпаны
- «Слепая - Ульбинская» бітеу оқпаны,
- Көлбеу еңіс,
- №2 көлбеу еңіс (батыс),
- «РЭШ» шахтасы оқпаны



колоннитул



Тишин кенішінің жойылатын объектілері

Жер қойнауын пайдалану объектілерін жою жер қойнауын пайдалану объектісінің, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану әсер еткен аумақтардың қолайлы қоршаған ортамен үйлесімді, мүмкіндігінше толыққанды экожүйе қалпын қайтару мақсатын көздейді.

Полиметалл кендерінің Тишин кенорнында мына объектілер бойынша жою жүргізіледі:

- жерасты кен қазындылары;
- қазылған карьер;
- шлам жинауыштар (әрі қарай қолданудың балама нұсқалары болмаса);
- ғимараттар, құрылысжайлар және жабдықтар;
- жер қойнауын пайдалану объектісінің инфрақұрылымы, көлік жолдары.

Тишин кенорнының жойылатын объектілері «Қазцинк» ЖШС кен телімі шекарасында орналасқан.



колоннитул



Жоюдың негізгі кезеңдері

Объектілер 2 кезеңде жойылады:

1. I кезеңде ұсақтау және байыту цехының (бұдан әрі ҰБЦ) және №1 және №2 шламжинауыштардың ғимараттарын демонтаждау жұмыстары қарастырылған. Ұсақтау және байыту цехы (ҰБЦ) – «Казцинк» ЖШС ШҚ КБК Риддер қ. ӨА байыту өндірісінің учаскесі. Қазіргі уақытта объект консервацияланған және 1-кезеңде демонтаждлатын объектілер тізіміне енгізілген. № 1, № 2 шламжинауыштар кеніштің өнеркәсіптік алаңының батыс бөлігінде № 2 аршылған жыныстар үйіндісінде орналасқан және Тишин кенінен жуылған шламдары мен ҰБЦ флотациясы қалдықтарын қоймалауға арналған.

2. II кезеңде жерасты кен қазындыларын, карьерді жою және Тишин кенішінің өнеркәсіптік алаңшасының негізгі және қосалқы жерүсті ғимараттарын, алаңшілік көлік жолдарын демонтаждау қарастырылған.



КОЛОНТИТУЛ



6

Кен қазындыларын жою

Кеніштің жерасты бөлігі кен қазындыларына табиғи су ағынымен жерасты суын толтыру арқылы жойылатын болып қабылданды. Гидрогеология кен қазындыларына су толтыру есептеулерін «Казцинк» ЖШС арнайы қызметтері нақты кен жұмыстарына ескеріп, жағдайды гидрогеологиялық модельдеу жолымен орындады.

Тишин кенішінің жерасты кен қазындыларымен карьерін толық су басатын жалпы уақыт барлық сорғымен су төгу тоқтатылған жағдайда 897 тәулік (шамамен 29,9 ай немесе 2,5 жыл).

Карьер жұмыс істеп тұрған кен қазындыларына іргелес орналасқан карьерлік су ағыны жерасты деңгей жиектеріне кеніш су ағынын қалыптастыруға қатысады. Түгелдей сумен жойғанда карьерді су басуы ықтимал. Карьердің қазылған кеңістігіне жиналған жерасты суынан табиғи карьерлік су қойма пайда болады.

Жобада ашық карьерге су келудің жолдарын бұғаттайтын құрылыстар, карьердің периметр бойымен қоршайтын жал жасау қарастырылған.



КОЛОНТИТУЛ



7

Ықтимал опырылуды жою



Жерасты қазындылары үстіндегі кен жыныстарының құлауы салдарынан жер бетінің ықтимал опырылуы болатын жерлер, яғни карьердің құлау аймағы мен қауіпті жылжу аймағы ҚР ДС министрінің міндетін атқарушының 25.12.2020 ж. № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығымен бекітілген «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына, экологиялық заңнаманың талаптары мен бұрын келісілген жобаларға сәйкес карьерлерді және басқа да қолдан жасалған қуыстарды толтырмалайтын қалдықтар қолданылып қалпына келтіріледі.

Осы жоба бойынша жойылмайтын объектілер

Тарату жоспарында қарастырылмаған объектілерде тарату жобасында қарастырылмайды

1. Тарихи үйінділер Үйінділер мемлекеттік, өйткені олар кенорнын игерудің бастапқы кезеңінде қалыптасқан Тишин кенорнының орталық бөлігінде жер бетінде аршылған жыныстардың үйінділері (№ 1, 3-7) және кеніштің өнеркәсіптік алаңшасының түстігінде өткен ғасырда карьерді аршудың бастапқы кезеңінде жасалған № 2 жыныс үйіндісі бар. Аршылған жыныс үйінділерінің бетіне өсімдіктер өздігінен табиғи өскен, олар бұзылған жерлерде өсімдік жамылғысының қалыптасуында жетекші орын алады. Үйінділердің бетінде кейбір тұстарында түрлі шөптің жақсы өнгені байқалады.

2. Пайдаланылуы Риддер қаласының 2 және 4-тұрғын аудандарының тіршілігін қамтамасыз етумен байланысты объектілер

1. .



Атмосфералық ауаға әсер ету

Тишин кенішінде атмосфераға ластауыш заттек шығарындыларының 30 көзі бар, оның 19-ы ұйымдастырылған, 11-і ұйымдастырылмаған. Тишин кенішінің қызметі нәтижесінде қазіргі жағдайға атмосфералық ауаға ластау көздерінен жылына 58,79 тонна (6,61 г/с) мөлшерінде заттектің 23 түрі шығарылады, олардың шамамен 80 % (жылына 47 т) бейорганикалық шаң.

Жер қойнауын пайдалану объектілерін жою кеніш алаңындағы қазіргі шығарынды көздерін жоюды қамтамасыз етеді, бұл – жою басталған сәтте қолданыстағы Экологиялық рұқсатта белгіленген Тишин кенішінің алаңы бойынша шығарындылардың қолданыстағы деңгейіне эмиссиялардың шамамен жылына 58,79 тонна (100%) азаюын қамтамасыз етеді.

Жоба бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде атмосфералық ауаға қысқа мерзімді әсер ету болады.

I кезеңдегі жою жұмыстарын жүргізу кезінде атмосфераға жылына 3,232192 т мөлшерінде (қатты – жылына 2,044594 т, газтәріздес және сұйық – жылына 1,187597 т) 11 ингредиент шығарылатын болады.

II кезеңдегі жою жұмыстарын жүргізу кезінде атмосфераға жылына 11,401247 т (қатты – жылына 10,206988 т, газтәріздес және сұйық – жылына 1,194259 т) мөлшерінде 11 ингредиент шығарылатын болады.



10

Су бассейніне әсер ету

Тишин кенішінің сарқынды сулары 25.09.2024 ж. бастап 31.12.2033 ж. дейінгі № KZ11VCZ03573285 экологиялық рұқсаттың және 06.10.2022 ж. сериясы: 238/22 Ертіс № KZ20VTE00131849 су төгуге арнайы су пайдалану рұқсаты негізінде шахта суларын, № 2 мемлекеттік үйіндісінің дренаждық суын және алаңшаның өнеркәсіптік және нөсер суларын тазартатын тазарту құрылысжайларында тазартылған соң Үлбі өзеніне № 10 біріктірілген шығарғысы арқылы бұрылады.

Жою жұмыстарын орындау кезеңінде негізгі су төгу толық тоқтатылғанша жою сәтіндегі қолданыстағы эмиссияға рұқсат аясында шахталық, дренаждық, өнеркәсіптік және нөсер суларын әдеттегі режимде тазалау қажет.

Жұмыс жүргізу кезеңінде алаңшадан ластанған сарқынды мен нөсер сулары ақпас үшін тазарту құрылысжайларының (бейтараптандыру стансалары) бос қуатын қолдану ұсынылады.



Жерасты қазындыларын толық су басқаннан кейін жерасты суларының деңгейі кенорнын аршу және қазу басталардан бұрынғы өзінің табиғи қалпына келеді деп болжануда.



11

Өндіріс қалдықтары

Жою жұмыстарын жүргізу кезінде мынадай өндіріс қалдықтары пайда болуы болжанады: құрылыс қалдықтары (бетон, сынған кірпіш, сылақ, ағаш, шыны сынықтары және т. б.) және тұтыну қалдықтары: қара металл қалдықтары мен сынықтары (бумадағы сұрыпты металл, құбырлар мен металл конструкциялар, пісіру электродтарының өртендісі мен тұқылдары), аралас коммуналдық қалдықтар (ТҚҚ), оның ішінде ластанбаған қаптама материалы (электродтардан босаған қаптама)

Мыналар қарастырылады:

- алаңшаға тән қалдықтарды ұйымдастырып жинау, мамандандырылған ұйымдарға кәдеге жаратуға тапсыру;
- құрылыс қалдықтарын барлық жасанды қуысты, соның ішінде карьерді және опырылу аймақтарын толтырмалау мен тегістеуге қолдану болданады;
- габариті үлкен құрылыс конструкциялары тік оқпандарды жабуға (жабын тақтайшалар, іргетастар және т.б.) қолданылады.



Бұзылған жерлерді қалпына келтіру

Жою жұмыстарын орындағаннан кейін бұзылған жерлерді қалпына келтіру іс-шаралары екі кезеңмен жүргізіледі

- бірінші жерді қайта қалпына келтірудің техникалық кезеңі,
- екіншісі – жерді қалпына келтірудің биологиялық кезеңі.

Жою жұмыстары жобасында:

- демонтаждаудан кейін алаңша бетінің табиғи рельефін ылди жағына қарай бір жаққа көлбеу бұрыш жасап жайғастыру (жайғастыру жұмыстарынан қалған артық топырақ карьерге әкетіледі);
- жергілікті өсімдіктер өздігінен өсу үшін жайғастырылған жерге қалыңдығы 0,2 м өсімдікті топырақ себу.



Өсімдіктер мен жануарлар әлеміне әсер ету



Көп жылғы өндірістік қызмет нәтижесінде Тишин кенішінің өндірістік алаңшасы шегінен жануарлар мен өсімдіктер әлемі ығыстырылған, өте аз.

Жою жер қойнауын пайдалану объектілерін қайтару, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану әсер еткен аумақтардың қолайлы қоршаған ортамен үйлесімді, мүмкіндігінше толыққанды экожүйе қалпын қайтару мақсатын көздейді.

Учаске қалпына келтірілген соң жабайы жануарлардың қоныс аударуының маусымдық жолдары қалпына келеді деп болжануда, өйткені іргелес аумақтарда "Лениногорское" аңшылық шаруашылығы учаскесі орналасқан, ондағы жабайы жануарлардың түрлік құрамында қоян, түлкі, қарақұйрық, елік, бұлан, марал, аю бар.



Әлеуметтік жауапкершілік

Осы жоба аясында көзделіп отырған қызметті іске асырудың өзге нұсқасы болмағандықтан, жер қойнауын пайдалану объектілерін жоюдан толық бас тарту ғана балама нұсқа болады. Алайда толық бас тарту аймақтың экологиялық жағдайына теріс әсер етеді, өйткені қолданылып, қайта қалпына келтірілмеген кенорны қоршаған ортаның барлық компоненті бақылаусыз астау қаупін төндіреді.

Жобада жер қойнауын пайдалану объектісін жою жұмыстарын жүргізудің мердігерлік тәсілі көзделген. Сондықтан жою жұмыстары кезеңінде жұмыс орындары ұйымдастырылатын болады.

Тишин кенішінің персоналы «Казцинк» ЖШС-ның жұмыс істеп тұрған объектілеріне ауыстырылады.



7-қосымша

Қоғамдық тыңдауларды өткізу кезінде алынған ескертулер мен ұсыныстар

p/c №	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескерту (алынып тасталған/алынбаған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ")
1	Асель Маратовна Жумабаева – «Риддер қаласының кәсіпкерлік және туризм бөлімі» ММ басшысы Тишин кенішінің жер қойнауын пайдалану салдарын жою қанша уақытты алады?	Айдар Онерханулы – «Азиатская эколого-аудиторская компания» ЖШС бас директорының орынбасары Тишин кенішінің жер қойнауын пайдалану салдарын жою 2,5 жылға созылады.	Алынып тасталған ескерту
2	Елена Викторовна Агешкина – Облыстық қоғамдық кеңес мүшесі Тишин кенішінің жер үсті нысандарын жою кезінде құрылыс қалдықтары пайда болады. Қалдықтардың бұл түрін қалай пайдалану жоспарлануда?	Айдар Онерханулы – «Азиатская эколого-аудиторская компания» ЖШС бас директорының орынбасары Жою жұмыстарын жүргізу кезінде пайда болатын құрылыс қалдықтарын барлық жасанды қуысты, соның ішінде карьерді және опырылу аймақтарын толтырмалау мен тегістеуге қолдану жоспарлануда. Үлкен көлемді құрылыс конструкциялары тік оқпандарды жабуға қолданылады.	Алынып тасталған ескерту
3	Қазір жұмыс істеп жатқан жұмыскерлер кеніш жойылғаннан кейін қайда жіберіледі? Сонымен қатар: зейнеткерлік жасқа таяп қалған жұмыскерлер өте көп – оларға жұмыс орны қалай ұсынылады, өз мамандығы бойынша дәл сондай, әлде бар жұмысқа орналаса ма?	Айдар Онерханулы – «Азиатская эколого-аудиторская компания» ЖШС бас директорының орынбасары Жобалаушы ретінде, бұл жұмыскерлер жұмыссыз қалмайды деп айта аламын, олардың барлығы «Казцинк» ЖШС-ның жұмыс істеп тұрған объектілеріне ауыстырылады. Ал зейнеткерлікке дейінгі жастағы қызметкерлер қалай және қандай жағдайда ауыстырылатыны туралы сұрақты – бәлкім, «Казцинк» ЖШС ұйымының өзіне қою керек шығар.	Алынып тасталған ескерту
4	Асель Маратовна Жумабаева – «Риддер қаласының кәсіпкерлік және туризм бөлімі» ММ басшысы Тишин кенішіндегі жұмыскерлер саны қанша?	Айдар Онерханулы – «Азиатская эколого-аудиторская компания» ЖШС бас директорының орынбасары Қазір Тишин кенішінде 640 адам жұмыс істейді.	Алынып тасталған ескерту
5	Галина Ивановна Юрочкина – Тишин кеніші кәсіпком төрайымы Тишин кеніші жойылғаннан кейін шахта сулары қайда жіберіледі?	Айдар Онерханулы – «Азиатская эколого-аудиторская компания» ЖШС бас директорының орынбасары Қазіргі уақытта Тишин кенішінің саркынды сулары №10 шығарғы арқылы Үлбі өзеніне төгіледі, олар бастапқыда бейтараптандыру стансаларында тазартылады, бұл су ағызу біріктірілген, шахта суларын, мемлекеттік үйіндісінің дренаждық суын, өнеркәсіптік және нөсер суларын қамтиды. Жою кезеңінде және карьерді су басқан кезеңде бұл тазарту құрылысжайлары жұмыс істейді, жоғарыда айтқанымдай, жою жобасында олар қарастырылмаған. Ал болашақта, оны уақыт көрсетеді, егер су басқан кезде су жер бетіне шықпаса, онда бұл нысан қаланың инфрақұрылымына берілуі әбден мүмкін.	Алынып тасталған ескерту